

«Қазақстан халқына» Қоғамдық

коры Басқармасының

шешімімен

БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан халқына» Қоғамдық

коры Басқармасының

2024 жылғы «05» маусымдағы

№19 хаттамасына

№ 6-қосымша

**ШЕТЕЛДЕ ЕМДЕЛУГЕ ЖІБЕРУ БОЙЫНША
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ
ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Астана қ. 2024 жыл

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Шетелде емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қамқоршылық кеңестің 2022 жылғы 21 қарашадағы №22 шешіміне сәйкес әзірленді және «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетуін реттейді.

2. Шетелде емделу үшін қайырымдылық көмек көрсету Қамқоршылық кеңес бекіткен Қор қызметінің тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Шетелге емделуге жіберу тәсілдері мен алгоритмдерін қайта қарau Қамқоршылық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады.

4. Осы Ережелерде қолданылатын ұғымдар:

1) өтінім – қайырымдылық көмек алу үшін бағдарламалардың/жобалардың іріктеу критерийлеріне сәйкес келетін сұраныс;

2) өтініш – қайырымдылық көмек алу үшін жеке немесе занды тұлғадан atamekenim.kz порталы арқылы электрондық нысанда немесе электрондық құжат айналымы арқылы Қорға жіберілген өтінім;

3) емдеу бағдарламасы – ауруды жоюға, тоқтата тұруға және (немесе) женілдетуге, сондай-ақ аурудың алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

4) шетелге емделуге жіберу бойынша Қордың серіктесі – шетелдік бейінді медициналық ұйымды іріктейтін және медициналық көмек көрсетуге шарт жасасуға көмек көрсететін және Қордың талаптарына сәйкес келетін занды тұлға (бұдан әрі – Қордың серіктестері);

5) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

6) жұмысшы орган – Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емдеуге жіберу және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту мәселелері жөніндегі «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-да ұйымдастырылған үйлестіруші орган (бұдан әрі - Жұмысшы орган);

7) емделуші – медициналық көмек көрсетуді талап ететін аурудың немесе жағдайдың болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын (болған) жеке тұлға;

8) республикалық денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымы;

9) Қор жанындағы медициналық мәселелер жөніндегі сараптамалық комитет (бұдан әрі – Сараптамалық комитет) - қоғамдық негізде әрекет ететін консультативті-кеңесші орган;

10) медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

11) шетелдік медициналық үйым – медициналық көмек көрсету туралы шарт жасалатын басқа елдің денсаулық сақтау үйымы;

12) медициналық көмек – дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

13) Қор басқармасы – Қор қызметінің мәселелері бойынша функцияларды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – Қор басқармасы);

14) Қордың құрылымдық бөлімшелері:

БЖБО – денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы;

ЗҚ – заң қызметі;

БЕЕБ – бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі;

ӨТКБ – өтінімдер мен өтініштерді қарастыру бөлімі.

2-тарау. Шетелге емделуге жіберуді үйымдастыру

5. Шетелге жіберу үшін емделушілерге қайырымдылық көмек келесі жағдайларда көрсетіледі:

егер Жұмысшы орган белгілі бір себептермен емделушіні респубикалық бюджет қаражаты есебінен жібере алмаса;

шетелде емделуді қажет ететін онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар балалар мен 35 жасқа дейінгі жастар;

кейбір химиотерапия препараттарын көтере алмауы мен төзімділігі;

респубикалық бағыныстағы медициналық үйымдарда емделу кезінде емделушінің жай күйінде он динамиканың болмауы және ықтимал қолайлыш нәтиженің болуы;

мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін елде қажетті технологиялардың болмауы.

6. Қор онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар 35 жасқа дейінгі жеке тұлғалардан, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ, Денсаулық сақтау министрлігі, өнірдің денсаулық сақтау басқармаларынан келіп түскен өтінімдер, Мемлекет басшысының тапсырмалары негізінде шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетеді.

7. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау Қор Басқармасының шешімімен айқындалатын тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

**3-тарау. Онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар
балалар мен 35 жасқа дейінгі жастарға
шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсету үшін жеке
тұлғалардан өтінімдер қабылдау**

8. Жеке тұлғаларды шетелде емдеуге атаулы көмек көрсету жөніндегі өтінімдер Қордың <https://atamekenim.kz/> сайтындағыデンсаулық сақтау бөлімінде тіркеледі.

9. Сайтта өтінім берген кезде жеке тұлға өзінің дербес деректерін пайдалануға келісімін беретінін растайды.

10. ӨӨҚБ жеке тұлғалардың өтінімдерін келесі құжаттар болған жағдайда қабылдайды:

1) жеке куәліктің, туу туралы куәліктің көшірмесі (қажет болған жағдайда);

2) шетелге емделуге жіберу көрсетімдері және ұсынылатын емдеу түрі көрсетілген республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысы («Педиатрия және балалар хирургиясы гылыми орталығы» АҚ; «University Medical Center» корпоративтік қоры Ана мен бала ұлттық гылыми орталығы; «Қазақ онкология және радиология гылыми-зерттеу институты» АҚ; «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ; «Ұлттық гылыми онкологиялық орталық» АҚ);

3) диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса берілген) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген, ескіру мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

4) шетелдік медициналық ұйымның деректемелері, ұсынылатын емдеу бағдарламасы және құны (бар болған жағдайда, өз бетінше емделуге барған жағдайда);

5) емделуге өз бетінше барған жағдайда шетелдік клиникада көрсетілген қызыметтерге ақы төлеуді растайтын құжаттар.

11. Жеке тұлға құжаттарды толық ұсынбаса, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынса, медициналық құжаттамадағы деректер сәйкес келмесе, республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысында көмек көрсету түрі көрсетілмесе, ӨӨҚБ өтінімді қабылдамау себебін және ұсынымдарды көрсете отырып, өтінімді қабылдаудан бас тартады.

12. Құжаттар толық болған жағдайда, өтінім Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО-ға қарастыруға жіберіледі.

13. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО шетелдік медициналық ұйымды іріктеу үшін Қордың серіктестеріне жеке тұлғаның медициналық құжаттамасын жібереді.

14. Осы Ережеге 1-қосымшаның критерийлеріне сәйкес келетін ұйымдар Қордың серіктестері бола алады.

15. Шетелдік медициналық ұйымды Қордың серіктестері осы Ережеге 2-қосымшаның критерийлеріне сәйкес іріктеїді.

16. Шетелдік медициналық ұйымды сапалы іріктеу және оның белгіленген критерийлеріне сәйкестігі үшін жауапкершілік Қордың серіктестеріне жүктеледі.

17. Қордың серіктесі шетелдік медициналық ұйымдарды іріктейді, көрсетілетін қызметтер тізбесін және оларды көрсету мерзіміне олардың құнын (баға ұсынысын) көрсете отырып, шетелдік медициналық ұйымдардан емделушіні емдеу бағдарламасын сұратады және Қорға қарастыруға ұсынады.

Шетелдік клиника ұсынған емдеу бағдарламасын қажет болған жағдайда бейінді республикалық медициналық ұйыммен келісіледі.

Шетелдік медициналық ұйым емделушінің жай-күйі туралы ескіру мерзімі 1 айдан асып кеткен толық емес ақпарат берген жағдайда, сондай-ақ емделуші өз бетінше барған кезде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі мәліметтер ұсынылмаған жағдайда Қор өтінімдерді қарастырмайды.

18. Шетелдік медициналық ұйымды таңдал алғаннан кейін Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО осы Ереженің 5-бөліміне сәйкес жеке тұлғаның өтінімін қарастыруды дайындайды.

19. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО өтінімі бойынша көмек көрсету үшін шетелдік медициналық ұйымды таңдал алу мүмкін болмаған жағдайда, өтініш берушіге қайырымдылық көмек көрсетудің мүмкін еместігі туралы жазбаша хабарлайды.

4-тарау. Жұмысшы органдынан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен, өнірлердің Денсаулық сақтау басқармаларынан шетелде емделу бойынша қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдер қабылдау

20. Жұмысшы органдынан, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен, өнірлердің денсаулық сақтау басқармаларынан шетелде емделуге қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі өтінімдер Қордың электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеледі.

21. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО Жұмысшы орган мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен өтінімді келесі құжаттар болған жағдайда қабылдайды:

1) шетелдік медициналық ұйымның ұсынымын, бағдарламасын және емдеу құнын көрсете отырып, Қор арқылы емделушіге қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш хат, қажет болған жағдайда көлік немесе басқа да шығындарды өтеу;

2) диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген, ескіру мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

3) бірінші басшының қолы қойылған және елтаңбасы бар мөрмен расталған емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

4) отандық және (немесе) шетелдік медициналық ұйымдардың кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандары қатысқан консилиум шешімі (бар болған жағдайда);

5) ТМККБК шеңберінде көмек көрсету мүмкін еместігі туралы Жұмысшы органның хаттамасынан үзінді көшірме және шетелде одан әрі емделу туралы ұсыным (бар болған жағдайда);

6) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

22. Өнірлердің денсаулық сақтау басқармаларының өтінімін Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО келесі құжаттар болған жағдайда қабылдайды:

1) емделу түрін көрсете отырып, Қор арқылы емделушіге қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш, қажет болған жағдайда көлік немесе басқа да шығындарды өтеу;

2) диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын, ескіру мерзімі 60 (алпыс) жұмыс күнінен аспайтын, республикалық медициналық ұйым берген емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

3) бірінші басшы қол қойған және елтаңбасы бар мөрмен расталған емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

4) отандық және (немесе) шетелдік медициналық ұйымдардың кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандары қатысқан консилиум шешімі (бар болған жағдайда);

5) ТМККБК шеңберінде көмек көрсету мүмкін еместігі туралы Жұмысшы органның хаттамасынан үзінді көшірме және шетелде одан әрі емделу туралы ұсыным (бар болған жағдайда);

6) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

23. Қажет болған жағдайда Қор Жұмысшы органнан, Денсаулық сақтау министрлігінен және өнірлердің денсаулық сақтау басқармаларынан ұсынылатын шетелдік медициналық ұйыммен шарт жобасын сұратады.

24. Қор шетелдік медициналық ұйымды тандап алу үшін Қордың серіктестеріне өтінім жібере алады.

25. Жұмысшы орган, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі өнірлердің денсаулық сақтау басқармалары құжаттарды толық ұсынбаса, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынса, медициналық құжаттамадағы деректер сәйкес келмесе, қажетті көмек көрсету түрі болмаса, Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО өтінімді қабылдамау себебін және ұсынымдарды көрсете отырып, өтінімді пысықтауға қайтарады.

26. Пысықтауға жіберілген өтінім барлық құжаттар толық ұсынылғанға дейін Қор қабылдаған болып есептелмейді.

5-тaraу. Қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдерді қарастыру

27. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО күнтізбелік 30 күн ішінде Сараптамалық комитеттің отырысында қарастыру үшін емделушілердің тізімін және материалдарын қалыптастырады.

28. Сараптамалық комитеттің отырыстары келіп түскен өтінімдердің саны мен емделушілердің жай-күйін ескере отырып, қажеттілік бойынша өткізіледі.

29. Сараптамалық комитеттің отырысына келесі құжаттар ұсынылады:

1) жеке тұлғаның өтінімі бойынша:

жеке куәліктің көшірмесі, туу туралы куәлік (қажет болған жағдайда);

шетелдік емдеуге жіберу үшін көрсеткіштердің бар-жоғы мен ұсынылатын емі көрсетілген республикалық бейінді медициналық ұйымның қорытындысы;

диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

шетелдік медициналық ұйымдардың тізбесі, бағдарламасы және емделу құны;

2) Жұмысшы орган мен Денсаулық сақтау министрлігінің өтінімі бойынша:

шетелдік медициналық ұйымның ұсынымын, бағдарламасын және емдеу құнын көрсете отырып, Қор арқылы емделушіге қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініш, қажет болған жағдайда көлік немесе басқа да шығындарды өтеу;

диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

бірінші басшының қолы қойылған және елтаңбасы бар мөрмен расталған емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы республикалық денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы;

отандық және (немесе) шетелдік медициналық ұйымдардың кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандары қатысқан консилиум шешімі (бар болған жағдайда);

3) Өнірлердің денсаулық сақтау басқармаларының өтінімі бойынша:

Қор арқылы емделушіге қайырымдылық көмек көрсету туралы өтінім хат;

диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес жүргізілген зерттеулердің (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) және консультациялардың нәтижелерін қамтитын республикалық медициналық ұйым берген емделушінің ауру тарихынан (стационарлық/амбулаториялық) үзінді көшірме;

бірінші басшының қолы қойылған және елтаңбасы бар мөрмен расталған емделушіні шетелге емдеуге жіберу туралы республикалық денсаулық сақтау үйымының қорытындысы;

отандық және (немесе) шетелдік медициналық үйымдардың кемінде 3 (үш) жетекші бейінді мамандары қатысқан консилиум шешімі (бар болған жағдайда);

ТМККБК шенберінде көмек көрсету мүмкін еместігі туралы Жұмысшы органның хаттамасынан үзінді көшірме және шетелде одан әрі емделу туралы ұсыным (бар болған жағдайда);

30. Өтінімді қарастыру үшін Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО-ның құқығы бар:

1) шетелдік медициналық үйим ұсынған емделушілерді емдеу бағдарламасын пысықтау және келісу үшін республикалық денсаулық сақтау үйымының бейінді мамандарын тартуға;

2) қажет болған жағдайда Сараптамалық комитет пен Қор Басқармасының отырысында қарастыру үшін емделушілер бойынша қосымша ақпарат сұратуға;

3) Шетелдік медициналық үйымдар бойынша ұсыныстарды, қызметтер тізбесін және оны көрсету мерзімін, олардың құнын (баға ұсынысын) көрсете отырып, емделушіні емдеу бағдарламасы бойынша Қор серіктестерінің ұсыныстарын қарауға.

31. Сараптамалық комитеттің мүшелері қосымша медициналық құжаттаманы сұрай алады.

32. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО Сараптамалық комитеттің мүшелерін қайырымдылық көмек көрсетуге өтінімдердің бар екендігі туралы хабардар етеді, Сараптамалық комитеттің отырысын өткізу уақыты мен күнін келіседі.

33. Өтінімді қарастыру кезінде Сараптамалық комитеттің отырысына міндетті түрде шетелде емделуге жіберу туралы қорытынды берген бейіндік мамандықтардың сарапшылары, өтінім берген үйымның өкілі (Жұмысшы орган, Денсаулық сақтау министрлігі және өнірлердің денсаулық сақтау басқармасы) шақырылады.

Шетелде емделуге жіберу қажеттілігі туралы қорытынды берген және Сараптамалық комитеттің отырысына қатысуға өтінім берген үйим бас тартқан жағдайда, Сараптамалық комитет кезекті отырысқа дейін өтінімді қараусыз қалдырады.

34. Сараптамалық комитет медициналық түрғыдан дұрыстығын ескере отырып, Қор Басқармасына:

1) емделушіні шетелдік медициналық үйымға емдеуге жіберу мәселесін қарастыруды;

2) шетелдік медициналық үйымға емделуге жіберуден бас тартуды;

3) өтінімді қарау мерзімдерін қажетті материалдар ұсынылғанға дейін ұзартуды ұсынуы мүмкін.

35. Сараптамалық комитеттің шешімі хаттамамен рәсімделеді, ұсыным сипатында болады және Қор Басқармасының қарастыруына ұсынылады.

36. Сараптамалық комитеттің шешімі комиссия мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, әр жағдайда жеке қабылданады және отырыс хаттамасында көрсетіледі.

37. Денсаулық сактау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО Сараптамалық комитеттің хаттамалық шешімі негізінде Қор Басқармасының қарастыруына емделушіні шетелге емделуге жіберу туралы ұсыныммен бірге өтінімді жібереді.

38. Қордың Басқармасына келесі құжаттар ұсынылады:

осы Ережелерге З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба;

Қор Басқармасы шешімінің жобасы;

Сараптамалық комитеттің хаттамасы (бар болған жағдайда).

39. Қор Басқармасы өтінім бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) емделушіні емдеудің болжамды құнын көрсете отырып, шетелдік медициналық үйымға емдеуге жіберу және қажет болған жағдайда емделушіге және еріп баратын адамға әуе/теміржол билеттерін сатып алуға және визалық шығындарды төлеуге жұмсалған шығындарды өтеу;

2) емделушіні шетелдік медициналық үйымға емделуге жіберуден бас тарту;

3) өтінімді пысықтауға жіберу;

4) бұрын қабылданған шешімнің күшін жою;

5) бұрын қабылданған шешімді қайта қарастыру.

40. Қор Басқармасының шешімі Сараптамалық комитеттің ұсынымдарын ескере отырып, әрбір жағдайда жеке қабылданады.

41. Өтінімдер Қор Басқармасының қарастыруына Сараптамалық комитеттің ұсынымдарынсыз мына жағдайларда шығарылуы мүмкін:

1) емделуші Жұмысшы органның жолдамасы бойынша шетелдік медициналық үйымда болған жағдайда және емделуші емделуде болған кезенде қосымша келісім жасасу арқылы шарттың жалпы сомасын ұлғайта отырып, емдеу бағдарламасы өзгерген кезде емделушіні емдеуді жалғастыру қажет болған жағдайда;

2) бір ауру бойынша көрсетілімдер болған кезде емделушіні шетелдік медициналық үйымға емдеуге қайта жіберу қажет болған жағдайда;

3) Жұмысшы органның бюджет қаражаты есебінен жіберу үшін құжаттарды уақтылы рәсімдеу мүмкіндігінің болмауына байланысты емделуші шетелге өз бетінше барған жағдайда, емделушіде шетелдік медициналық үйымда емделу қажеттілігі туралы республикалық үйимның қорытындысы болған кезде.

42. Емделуші шетелдік медициналық үйымға емделуге өз бетінше барған жағдайда, Қор шетелде көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығындарды өтеуді жүзеге асырмайды.

6-тaraу. Медициналық көмек көрсету бойынша шарт жасасу және оны орындау

43. Басқарманың шетелге емделуге жіберу бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы шешімін Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО өтініш берушілердің назарына З жұмыс күні ішінде жеткізеді.

Емделуші/занды өкіл Қордың Басқармасы таңдаған шетелдік ұйымға емделу үшін қайырымдылық көмектен бас тартқан жағдайда, емделуші/занды өкіл емделушіге ыңғайлы кез келген тәсіл арқылы бас тарту туралы Қорды хабардар етеді, өтінім одан әрі қарастыруға жатпайды.

Емделуші/занды өкіл қайырымдылық көмекті қабылдаған жағдайда, Қор бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастық шенберінде қажет болған жағдайда емделушіні ақпараттық роликтерге, бағдарламаларға, мақалаларға қатысу үшін тарта алады.

44. Қор Басқармасы шетелдік медициналық ұйымда емделуге арналған өтінімді макұлдаған кезде емделуші/занды өкіл осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелге жіберу ережелерімен келісімге қол қояды.

45. Шетелдік медициналық ұйымда емдеуді ұйымдастыруды Қордың серіктесі жүзеге асырады, оның ішінде шарт жобасын әзірлеу және шетелдік медициналық ұйыммен келісу, қажет болған жағдайда авиа/теміржол билеттерін брондау және (немесе) сатып алу.

46. Қордың серіктестері бағдарлама және емдеу құны өзгерген жағдайда Қорды хабардар етеді, қосымша шарт жасасуға жәрдем көрсетеді, емделушіні емдеу аяқталғаннан кейін эпикризді, шетелдік медициналық ұйымда емделушіні емдеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша орындалған жұмыстардың актісін ұсынады.

47. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы БЖБО ЗК-мен бірлесіп емделушіге медициналық қызметтер көрсету жөніндегі шарттың жобасын БЕЕБ-мен қаржыландыру бойынша келісуді жүзеге асырады.

48. Қордың құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл олардың құзыреті шенберінде жүзеге асырылады.

49. Қор емделушіні шетелде емдеуді жалғастыру қажеттілігі, емдеу бағдарламасын өзгерту және көрсетілетін қызметтердің құны туралы ақпарат алған жағдайда, Қор ұсынылатын емдеу бағдарламасын Республикалық денсаулық сақтау ұйымының бейінді мамандарымен немесе жұмыс органдармен келіседі.

50. Емдеу бағдарламасы қызметтер құнын ұлғайту жағына қарай өзгерген жағдайда медициналық қызметтер көрсетуге арналған шартқа қосымша келісім жасалады.

51. Емделуші шетелдік медициналық ұйымда болған кезде асқынулар туындаса және емдеу мерзімі жоспарланғаннан 2 айдан астам ұлғайған жағдайда одан әрі көмек көрсету Қор Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

52. Қор қаражаты есебінен емделуге одан әрі көмек көрсету мүмкін болмаған кезде Қор Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 3 күн ішінде емделушілер мен олардың занды өкілдеріне қайырымдылық көмек көрсетуді тоқтату туралы хабарланады.

53. Шартты сақтау мүмкін болмаған жағдайда, медициналық көмек көрсету шартын бұзу тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

54. Қаражатты қайтару орындалған жұмыстар актісі негізінде жүзеге асырылады.

55. Емделуші елге қайтып оралғаннан кейін, Қор шетелдік клиниканың медициналық көмек көрсету сапасына бағалау жүргізбейді және емделуші елге қайтып оралғаннан кейін кейін оған бұдан әрі медициналық көмек көрсетілуіне мониторинг жүргізбейді.

56. Қор шетелдік клиникада медициналық көмек көрсету сапасына жауапты болмайды.

Шетелде емделуге жіберу
бойынша қайырымдылық
көмек көрсету ережелеріне
1-қосымша

Қор үшін емделушілердің шетелде емделуін ұйымдастыру бойынша қазақстандық коммерциялық серіктесті тандау критерийлері

1. Құқық қабілеті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген занды тұлға болуы;
- 2) қазақстандық коммерциялық серіктес (занды тұлға) мұдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес занды тұлға болмауы;
- 3) қазақстандық коммерциялық серіктес (занды тұлға) және оның құрылтайшылары (акционерлер, бенефициарлар, түпкі бенефициарларды қоса алғанда) қандай да бір санкциялық тізімдердің, кірістерді жылыштатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың және т.б. қатысуышылары, сондай-ақ саяси маңызы бар тұлғалар болмауы керек.

2. Емделушілердің шетелде емделуін ұйымдастыру бойынша кәсіби жұмыс тәжірибесінің болуы, шетелде емделуді кәсіби медициналық сүйемелдеуді, емделушінің тасымалдауды ұйымдастыру мүмкіндігі:

1) Қазақстан Республикасында медициналық қызметті жүргізу арналған лицензия;

2) қазақстандық және/немесе шетелдік сақтандыру ұйымдарының шетелде емделуін ұйымдастырумен сырқаттанған жағдайда сақтандыру шарттарына қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі – кемінде 3 жыл (ерікті медициналық сақтандыру шарты (ЕМС), саяхатшыларды сақтандыру шарты) не медициналық туризм (шетелде емделуді ұйымдастыру) шарттары бойынша ұксас жұмыс тәжірибесі;

3) емделушілерді емдеуді ұйымдастыру үшін шетелдегі медициналық ұйымдарға, атап айтқанда емделушілерді емдеу бейіні бойынша жетекші әлемдік клиникалық орталықтарға қол жеткізу желісінің болуы;

4) шетелде емделуді медициналық сүйемелдеу үшін, сондай-ақ емделушілерді медициналық тасымалдауды ұйымдастыру үшін ресурстардың болуы (шетелдік медициналық ұйым үшін емделушінің анамнезін ағылшын тілінде дайындау, медициналық құжаттаманы аудару және қашықтықтан медициналық сүйемелдеу, емделушінің тасымалдау кезінде дербес медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру, әуе компанияларымен арнайы медициналық тасымалдауды ұйымдастыру (әуе жедел жәрдем қызметіне, азаматтық әуе компанияларының медициналық блогы қызметіне қолданыстағы шарттар).

3. Сенімді қаржылық жағдай, Қормен бірлесіп қаржыландыруды жүзеге асыруға дайындық пен мүмкіндіктің болуы:

1) серіктес сенімді салық төлеуші болып табылады және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі жоқ;

2) емделушілерді емдеуді ұйымдастыруға байланысты шығындарды (яғни емделушілерді емдеуге арналған шығындармен тікелей байланысты емес), сондай-ақ емделушілер мен ілесіп жүретін тұлғаларды тасымалдау және орналастыру бойынша тікелей шығындар болып табылмайтын шығындарды (консьерж-қызметтер, аудармашы қызметтері және т.б.) қаржыландыруға дайын болу.

Шетелде емделуге жіберу
бойынша қайырымдылық
көмек көрсете ережелеріне
2-қосымша

**Қор үшін емделушілердің шетелде емделуін ұйымдастыру
бойынша шетелдік медициналық серіктес ұйымдарды тандау критерийлері**

Шетелдік медициналық ұйым келесі критерийлерге сәйкес болуы тиіс:

1. Құқық қабілеті:

- 1) өз елінің заннамасына сәйкес тіркелген занды тұлға болуы;
- 2) мұдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес занды тұлға болмауы;
- 3) қазақстандық коммерциялық серіктес (занды тұлға) және оның құрылтайшылары (акционерлер, бенефициарлар, түпкі бенефициарларды қоса алғанда) қандай да бір санкциялық тізімдердің, кірістерді жылыштатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың және т.б. қатысушылары, сондай-ақ саяси маңызы бар тұлғалар болмауы;

- 4) медициналық көмек көрсете құқығына рұқсат беру құжаттарының болуы.

2. Жұмыс тәжірибесі:

- 1) 15 жылдан астам еңбек өтілі бар үздік мамандардың болуы;
- 2) осы технология бойынша шетелдік медициналық ұйымның жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл;
- 3) шетелдік медициналық ұйымның рейтингі;
- 4) баға саясатын ескере отырып, медициналық қызметтер көрсетудің сапасы мен тиімділігі;
- 5) шетелдік медициналық ұйымда «Joint Commission International (JCI)» алтын белгісінің және т.б. болуы құпталады.

Шетелде емделуге жіберу
бойынша қайырымдылық
көмек көрсету ережелеріне
3-қосымша
нысан

**«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры
Басқарма отырысына түсіндірме жазба**

Емделушінің аты-жөні: _____

Тұған күні: _____

Тұрғылықты мекенжайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Диагнозы: _____

Кім жіберді:

Өз бетінше өтініш (өтінімнің ID нөмірі мен күні): _____

Жұмысшы орган (хаттың шығыс нөмірі, күні)

Өтініштің мәні: _____

Медицина мәселелері жөніндегі Сараптамалық комитеттің шешімі бар болған жағдайда (хаттаманың нөмірі, өткізілген күні, ұсынымдары):

Ұсынылатын шетелдік үйим (атауы, елі): _____

Емдеу құны: _____

Емдеу мерзімі: _____

Қосымша шығындар (бар болған жағдайда):

Көр Басқармасының қарастырылуына шығарылады.

Шетелде емделуге жіберу
бойынша қайырымдылық
көмек көрсету ережелеріне
4-қосымша
нысан

КЛИНИКАНЫҢ АТАУЫ
МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

**ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕГІН АЛУГА ЖАЗБАША АҚПАРАТТЫҚ /
ЕРИКТІ КЕЛІСІМ**

_____ к.

«__» _____ жыл

Мен, (занды өкіл):

(занды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке күелігінің №, кім және қашап берді)

(медициналық ұйымның атауы)

аттана отырып,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұган күні, туу туралы күеліктің №)
(мен занды өкілі болып табылатын тұлғаға):

(ем-шараның атауын көрсету)
ем-шарасын өткізуге өз келісімімді беремін:

**«ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ
ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 137-
бабының 2-тармагына сәйкес (Кодектің 78-бабының 2-тармагында көзделген
жагдайларды қоспағанда, кәмелетке толмагандарга қатысты медициналық көмек көрсетуге
келісімді және сол әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдар үшін келісімді олардың занды
өкілдері береді) жазбаша келісімімді беремін:**

1. Мен жоспарланған инвазиялық араласулардың мақсаты, сипаты, қолайсыз әсерлері жөнінде хабардар етілдім, барлық дайындық және сүйемелдеуші ықтимал анестезиологиялық іс-шаралармен, сондай-ақ қажетті

жанама араласулармен келісемін. Маған инвазиялық араласулар кезінде күтпеген жағдайлар, қауіптер және асқынулар туындауы мүмкін екені туралы ескертілді және бұл жүрек-қан тамырлар, жүйке, тыныс алу және басқа ағзаның тіршілік әрекеті жүйелері жағынан бұзылыстарға алып келу мүмкін екенін, бұл денсаулыққа қасақана зиян келтіру емес екенін түсінемін. Мұндай жағдайларда менің «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорына ешқандай шағымым болмайды, өйткені **«Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры**

медициналық қызметтеріне ақы төлеу арқылы қайырымдылық көмек көрсетіп отыр, сондай-ақ, болашақта «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорына қандай да бір талаптар, шағымдар мен наразылықтар білдірмейтінімді растаймын.

2. Менің балама медициналық көмек көрсетуге байланысты салдарлар/әрекеттер үшін жауапкершілікті толық білемін және осы арқылы медициналық көмек алуға өз келісімімді беремін және «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қорынан медициналық көмек алуға байланысты шағымдар мен өзге де талаптарым болмайды.

3. Қазақстан Республикасын қоса алғанда, ол елден/ол елге немесе үстінен ұшып өтетін әрбір елдің барлық кедендік және көші-қон зандарының және/немесе ережелерінің сақталуына жауапты болуға міндеттенемін, сондай-ақ, зандарды және/немесе ережелерді сақтамау салдарынан болған айыппұлдарды/депортациялауды, визаны, көлік қызметтерін, әуе рейстерін, қонақ үй қызметтерін қоса алғанда, баланы тасымалдау бойынша (тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда) шығындарды толығымен дербес төлеуге міндеттенемін.

4. Мен **«Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры**
медициналық қызметтерге ақы төлеу бойынша қайырымдылық көмек көрсететіні және басқа шығындарды көтермейтіндігі туралы хабардармын, сондай-ақ, мен (занды өкіл) өзге де қайырымдылық көмекке мұқтаж емес екенімді және Қоғамдық Қордан көрсетілетін қайырымдылық көмек толығымен жеткілікті болып табылатындығына өз келісімімді растаймын.

5. Мен осы құжаттың барлық тармақтары бойынша ақпарат алдым/тәнистім және олармен келісемін, маған қайырымдылық көмек көрсету шенберінде менің дербес деректерімді пайдалануға рұқсат беремін.

6. Осы арқылы, мен осы жазбаша келісімге моральдық немесе физикалық сипаттағы қандай да бір сыртқы әсерсіз өз еркіммен қол қойғанымды, осы жазбаша ерікті келісімде қамтылған барлық тармақтардың, сондай-ақ олардан туындаитын барлық міндеттемелерім мен іс-әрекеттерімнің мағынасы маған түсінікті екенін растаймын.

Жеке куәліктің және туу туралы куәліктің көшірмелерін қоса ұсынамын.

Ескерту:

Инвазиялық араласулар – ағзаның табиги сыртқы барьерлері (тері, шырышты қабықтар) арқылы өтүге байланысты медициналық емшарапар (егу, диагностикалық емшара, хирургиялық операция және тағы басқа).

Қолы: _____ (занды өкілі)

Толтырылған күні: _____ / _____ / _____ ж.